

Екібастұз қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 824/8 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен сәйкестікке келтіру мақсатында, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Екібастұз қаласы әкімдігінің келесі қаулыларының:

2015 жылғы 24 сәуірдегі "Екібастұз қаласы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 458/5 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4498 болып тіркелген, 2015 жылғы 4 маусымда "Отарқа" және "Голос Экибастуза" газеттерінде жарияланды);

2016 жылғы 17 наурыздағы "Екібастұз қаласы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы" № 289/3 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5078 болып тіркелген, 2016 жылғы 21 сәуірде "Отарқа" және "Голос Экибастуза" газеттерінде жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

Екібастұз қаласының әкімі

К. Нукенов